



«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  
жанындағы медицина колледжі

№044-40-16-01  
«Бекітемін»  
Медицина колледжінің  
директоры Отыншиев М.Ә.  
«18» 08 2018ж.

### ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: «Фармацевтикалық тауартану»

Курс: 3

Мамандық: 0306000-«Фармация»

Біліктілігі: 0306013- «Фармацевт»

Сағат саны: 90

Теория: 36

Тәжірибе: 54

Шымкент 2018



Жұмыс оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының ЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД Министрлігінің 29.07.2016ж. №661 бұйрығына сәйкес және 05.08.2010ж. үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалынды.

ФІҰБ кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 28.08 2018 ж.

Каф.мен. ф.ғ.д., профессор

Шертаева К.Д.

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің әдістемелік кеңес мәжілісінде қаралды және бекітілді:

Хаттама № 1 10.08 2018 ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы:

Джуманкулова Н.Р.

Дайындаған: оқытушы Ташева С.М



### Мазмұны:

1. Түсіндірме жазба .....	4
2. Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері.....	5
3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны.....	9
4. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны.....	12
5. Әдебиеттер және оқу құралдары.....	16



## 1.1 Кіріспе

Фармацевтикалық ұйымдардың маңызды функциясы ретінде номенклатурасы үнемі ұлғаю үстіндегі дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және басқа да фармацевтикалық тауарларды босату саналады.

Нарықтық экономика жағдайында фармацевтикалық тауарлар нарығының қарқынды дамуы және бәсекелестігі медициналық техникалары мен медициналық бұйымдардың көтерме және бөлшек сауда саласында жұмыс істейтін фармацевт мамандарын дайындауға жаңа талаптар қойып отыр.

«Фармацевтикалық тауартану» пәнінің оқу бағдарламасы дәріханалық жүйе арқылы босатылатын және емдеу-сауықтыру мекемелерде кеңінен қолданылатын фармацевтикалық тауарлардың тауартанулық сипаттамасына қойылатын негізгі талаптарын оқуға бағытталған.

Пәнді оқу нысандары болып фармацевтикалық тауарлар, олардың қасиеттері және сапа көрсеткіштері саналады.

**1.2 Пәннің мақсаты:** фармацевтикалық тауарлардың тауартанулық талдау бойынша білімдерін жетілдіру мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру.

## 1.3 Оқытудың міндеттері:

- студенттерге тауартану негіздері бойынша түсініктерді қалыптастыру;
- тауартанулық ой-пікірді қалыптастыру;
- кодтау және топтастыру әдістерін қолдану негізінде тауарлардың тұтынушылық қасиеттерін, сапасын және жүйелендірілуін оқыту;
- медициналық және фармацевтикалық тауарлардың саласын және қасиеттерін қалыптастыратын және сақтайтын факторларын оқытып үйрету;
- фармацевтикалық тауарларды тасымалдауды, сақтауды және пайдалануды тиімді қамтамасыз ету әдістерін қолдануға үйрету;
- өндірушіден тұтынушыға дейін тауарлар қозғалысын ақпараттық қамтамасыздандыруын жүргізуге үйрету;
- емдеу-сауықтыру ұйымдарда қолданылатын және дәріханалық жүйе арқылы босатылатын фармацевтикалық тауарлардың тауартанулық талдауын жүргізуге үйрету.

## 1.4 Оқытудың соңғы нәтижесі:

**Білім және түсінік** (зерттеліп жатқан салада білімін және түсінігін, сонымен қатар осы саладағы анағұрлым озық элементтерін көрсете алады):

- фармацевтикалық тауартанудың мақсаты мен міндеттерін;
- тауартанулық терминологияны;
- фармацевтикалық тауарлардың оралып-буылу, таңбалану мәнін;



- фармацевтикалық тауарларды өндіру, тасымалдау, қолдану немесе пайдалану үдерісінде сапасын және сақталуын қалыптастыратын сыртқы орта факторларының әсерлерін;
- фармацевтикалық тауарлармен қамсыздандыруды ұйымдастыру;
- фармацевтикалық тауарларды қабылдау, сақтау, тасымалдау және босату үдерісін реттейтін негізгі нормативті құжаттарды.

**Білімдерді және түсініктерді қолдану** (кәсіби деңгейде білімін және түсінігін қолданады):

- фармацевтикалық тауарлардың топтасуын және кодталуын жүргізеді;
- әріптестеріне фармацевтикалық тауарлардың тұтынушылық қасиеттерінің тексеру әдістерін ұсынад ;
- тауартанулық сараптама жүргізуде фармацевтикалық тауарлардың сапасының негізгі көрсеткіштерін бағалаудың әдістірін қолданады;
- сапасы мен саны бойынша фармацевтикалық тауарды қабылдайды;
- дәріханалық ұйымдарда фармацевтикалық тауарлардың тауаржылжыту жүйесін басқаруда компьютерлік бағдарламаларды қолданады;
- таңбалануын және оралып-буылуын бағалауды, тауарлық топтарын және түрлерін анықтауды;
- кәсіби қызметте фармацевтикалық этика және деонтология қағидаларын көрсетеді;
- дәрігер-фармацевт-пациент жүйесінде білімдерін жеткізеді.

**Пікірді қалыптастыру** (зерттелетін салада аргументтерді қалыптастырады және мәселелерді шешеді):

- фармацевтикалық тауарлардың сапасын және тұтынушылық қасиеттерін қалыптасу заңдылықтарын анықтайды;
- фармацевтикалық тауарлардың тауартанулық талдауын және маркетингті зерттеулерін жүргізеді;
- тұтынушылық қасиеттерінің ерекшеліктерін, сақтау принциптерін ескере отырып фармацевтикалық тауарлардың сақталуын қамтамасыздандыруды;
- фармацевтикалық тауарлардың функционалдық қолдануына, химиялық құрамына байланысты залалсыздандыру және дезинфекциялау, сапасын бақылау әдістерін таңдауды.

**Оқу дағдылары немесе оқуға қабілеттілігі** (әлеуметтік, этикалық және ғылыми ұғыныстар есебімен пікірлерді қалыптастыруға арналған ақпаратты жинау және интерпретациялау):

- сақталу, тасымалдау, қолдану және эксплуатациялау үрдісінде медициналық және фармацевтикалық тауарлардың сапасына сыртқы ортаның әсерлерін болжайды;



- мемлекеттік және орыс тілінде құжаттарды рәсімдейді;
- өнімге басқа тілдегі каталогтардан алынған ақпаратты өңдейді;
- дәріханалық мекемелеріне арналған ассортимент көрсеткіштерін анықтайды;
- дәріханалық мекемелеріне арналған оңтайлы ассортиментті қалыптастырады;
- дәріханалық ассортименттегі тауарлардың тауартанулық талдауын жүргізуге арналған ақпаратты жинайды және интерпретациялайды;
- оқу, анықтамалық және тауартанулық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасайды.

**Коммуникативтік қабілеттілігі** (мамандарға және тұтынушыларға ақпараттарды, идеяларды, мәселелерді және олардың шешімдерін мәлімдеу):

- тұрғындарға және медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерге фармацевтикалық тауарлардың құрылымы, пайдаланылуы және залалсыздандыруы туралы, жоғары біліктілік дәрежеде түсініктемелер береді;
- фармацевтикалық тауарлардың тауартанулық бағалауын жүргізеді.

### Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері

Білім бағдарламасында және стандартта жоспарланған оқыту нәтижелері	Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған нәтижелер
<p><b>Базалық:</b>  <b>БҚ 1. Оқу.</b>  <b>БҚ 1.1.</b> Өзін-өзі дамыту: оқуды, кәсіптік дамуды ұзақ мерзімді жоспарлау дағдыларын игерген, кәсіпке және өзінің әлеуметтік міндеттеріне тұрақты, оң көзқарас қалыптасқан.  <b>БҚ 1.2.</b> Ақпарат: жиналған ақпаратты талдау және бағалау әдістемесін меңгерген.  <b>БҚ 2. Этика.</b>  <b>БҚ 2.1.</b> Этикалық қағидаттар: кәсіптік этикалық құндылықтарды дәріштейтінін, әлеуметтік-мәдени диалогқа дайындығын көрсетеді.  <b>БҚ 2.2.</b> Жұмыс орны эстетикасы: еңбек қауіпсіздігі және</p>	<p>Пәнді оқыту нәтижесі бойынша білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- халыққа медициналық қызмет және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуді ұйымдастырудың негізгі принциптерін, фармацевтикалық нарық негіздерін, ҚР дәрілік саясаттың құқықтық негіздерін реттейтін нормативтік – құқықтық құжаттарды;</li> <li>- фармацевтикалық мекемелер мен ұйымдардағы көтерме бөлшек сауда бөлімдерінің қызметін, дәрі-дәрмектерді рәсімдеу және босату жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін;</li> <li>- дәрілік заттардың сапасын бақылауды ұйымдастыра, оларды</li> </ul>



өндірістік санитария талаптарын сақтап, жұмыс орнын ұйымдастыра алады.

**БҚ 3.** Коммуникациялар және қызмет.

**БҚ 3.1.** Коммуникативтік дағдылар: Қоғамда адамдар арасында қарым қатынас жасаудың адамгершілік нормаларын біледі; Фармацевтикалық көмекке жүгінгендер үшін өзара тиімді әрекет қажетті кешенді коммуникативті дағдыларды меңгерген.

**КҚ 1.** Салауатты өмір салты: Салауатты өмір салтын насихаттау әдістемесін, халықты гигиеналық оқыту дағдыларын меңгерген.

**КҚ 2.1.** Зиянды факторлардан қорғау: Қоршаған орта және адам қауіпсіздігі үшін зиянды факторлар әсерінен қорғаныс әдістерін қолданады. Келушілерге препараттарды қолдау қауіпсіздігі жөнінде кеңес береді.

**КҚ 2.2.** Стандарттар. Фармацияның нормативті-құқықтық базасын біледі. Нормативті-құқықтық құжаттарды қолданады. Мемлекеттік фармакопея, анықтамалық фармацевтикалық әдебиет кәсіби қызметте технологияның ауысуына дайын.

**Арнайы:**

**АҚ 1.** Дәріханалық сервистің қызметіне маркетингтік стратегия: Фармацевтикалық тауарды жылжыту және дәріханалық бизнестің өнімділігін жоғарылату әдістерін біледі;

Фармацевтикалық маркетинг түрін және әлеуметтік негізін, негізгі қағидаттар мен функциялардың мазмұны мен маңызы туралы жүйелі

сақтау және сертификаттау мәселелерін;

- дәрілердің шипашақтарын қабылдау және оларды босату жұмыстарын ұйымдастыруды;

- дәрілік препараттарға деген қажеттілікті анықтаудың негізгі принциптерін және оларға деген сұранысты зерттеуді;

- фармацевтикалық қызметтің көтерме сауда бөлімі ретінде дәріханадағы қойма жұмысын ұйымдастыруды;

- фармация экономикасын басқару негізін;

- дәріханалық ұйымдардың қызметіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштерді жобалауды;

- негізгі заттардың, тауарлар қозғалысының және басқа да материалдық құндылықтардың есебін;

- есеп айырысу операцияларының және ақша қаражатының есебін ;

- тауар-материалдық құндылықтарды есепке алуды, есептен шығару тәртіптерін;

- фармацевтикалық менеджмент және маркетинг негіздерін, көтерме-бөлшек сауда арқылы босату тәртіптерін, дәрі-дәрмектерді сатып алу, жарнамалау ережелерін **білуі тиіс.**

- тауарлар айналымы аясында субъектілердің қызметін жоспарлауды және оларға талдау жүргізуді;

- дәрілік заттарды сатып алу, жарнамалау және көтерме-бөлшек түрінде өткізу;

- тұрғындар, емдеу-профилактикалық



білімі қалыптасқан.

және фармацевтикалық ұйымдардың мамандары арасында дәрілік заттар туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және тарата білуді;  
 - дәріханада дәрілік нысандарды дайындау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай білуді;  
 - шипашақтардың рәсімделу (талаптарға сай) дұрыстығын, кіріс ингредиенттерінің сәйкестілігін, науқастардың жасына қарай тағайындалған дәрілер мөлшерінің сәйкестігін анықтай білуді;  
 - дәрігерлердің шипашағынсыз берілетін дәрі-дәрмектерді қабылдау бойынша кеңес беруді;  
 - дәріханалық пункттер мен дүңгіршектердегі жұмысты ұйымдастыруды;  
 - дәріханалық пункттер мен дүңгіршектердегі тауар-материалдық құндылықтарды сақтай білуді үйреніп алуы қажет.

### 1.5. Тақырыптық жоспар:

#### 1. Пәннің тақырыптық жоспары

5-семестр Теориялық сабақ -36сағат

12 апта

Тәжірибелік сабақ - 54 сағат

14 апта

	Тауарлар мен тақырыптардың атауы	Барлық сағат саны	Теория сабағы	Тәжірибелік сабақ
		<b>90</b>	<b>36</b>	<b>54</b>
<b>1.</b>	Ғылыми сала ретіндегі тауартану. Тауартану негіздері. Фармацевтикалық тауартану. Фармацевтикалық тауартану оқиғалары және фактілері, негізгі тарихи дәуірлері және кезеңдері.	<b>7</b>	<b>3</b>	<b>4</b>





2	Фармацевтикалық мекемелердің тауарлар номенклатурасының құрылымы және олардың сипаттамасы. Металдық материалдардың негізгі қасиеттері. Коррозиядан сақтау. Материалтану.	7	3	4
3	Тазалық және гигиеналық бұйымдар. Науқасты күту бұйымдары. Медициналық техника бұйымдары мен фармацевтикалық тауарлардың жіктелуі.	7	3	4
4	Физиологиялық және көзілдіріктік оптика. Көздің көру коррекциясына арналған аппараттар. Арнайы құрал жабдықтар.	7	3	4
5	Тігіс хирургиялық құралдар және хирургиялық инелер. Медициналық тігіндегіш және тіккіштер. сіңірілетін және сіңірілмейтін тігу материалдары.	7	3	4
6	Сору, енгізу, тесу және трансфузиялау аспаптары мен аппараттары. Соратын және құятын жабдықтар.	7	3	4
7	Стоматологияға арналған жабдықтар және аспаптар. Арнайы аспаптар. Урологиялық, акушер-гинекологиялық, нейрохирургиялық аспаптар.	7	3	4
8	Бақылау жұмысы	2		2
9	Медициналық аспаптар және қондырғылар. Диагностикалық зерттеуге арналған заманауи аппараттар.	7	3	4
10	Байлап таңу материалдары. Медициналық гипс.	7	3	4



11	Әртүрлі топтағы фармацевтикалық тауарлардың сақталуы. Фармацевтикалық тауарлардың таңбалануы, қаптамасы, тасымалдануы.	7	3	4
12	Залалсыздандыру, дистилляциялау аппараттары. Ыдыстар, тығындауыш заттар және қаптама заттары мен материалдары. Парафармацевтика.	7	3	4
13	Маркетинг анықтамасы. Медициналық және фармацевтикалық бұйымдардың тауар түрінен маркетингтік зерттеу.	5	3	2
14	Дәріханалық нарықты маркетингтік зерттеу. Фармацевтикалық ұйым қызметін маркетингтік жоспарлау. Дәріханалық желіде тауартану операциясы. Фальсификация. Тауарлардың бәсекелестікке қабілеттілігі.	4		4
15	Бақылау жұмысы	2		2
	<b>Барлығы</b>	<b>90</b>	<b>36</b>	<b>54</b>

### 1. Оқыту мен сабақ берудің әдістері:

**Дәрістер:** шолу, мәселелік

**Тәжірибелік сабақтар:** ауызша жауаптар, интеллектуалды футбол, жеке жоба, семинар, глоссарий, теңіз шайқасы, тестілеу, ситуациялық есептерді шешу.

**Студенттердің өзіндік жұмыстары:** әдебиеттермен жұмыс жасау, компьютерлік бағдарламалар мен электрондық база жүйелерімен жұмыс



жасау, рефераттар дайындау және қорғау, презентацияларды дайындау, тест тапсырмаларын құру, G-global платформасында мақаларды қарастыру ситуациялық есептерді шешу, коллоквиум тестілеу.

## 2. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

Пәннің оқу бағдарламасына сәйкес студенттердің меңгергенін бақылаудың барлық түрлері-ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулар қолданылады.

- **Ағымдық бақылау:** тестілеу, билеттер бойынша бақылау жүргізу, ауызша сұрау.

- **Аралық бақылау:** тест тапсырмаларын шешу, коллоквиум.

- **Қорытынды бақылау:** емтихан, бағалау парағы және тестілеу көмегімен оқытушының тікелей бақылауы арқылы студенттердің білімдері мен дағдыларын бағалау.

### Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін білімін бақылау

- **Ағымдағы бақылау** – бұл білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде тексеріп отыру, оны оқытушы пәннің силлабусына сәйкес күнделікті сабақ үстінде жүргізіп отырады. Онда сабақтың барлық түрлері мен үлгілері ескеріледі. Студенттердің үлгерімін ағымдық бақылау барысында оқу жетістіктері әрбір орындаған тапсырмасы 100 балдық шкала бойынша бағаланады (ағымдық сабақтарда жауап беруі, үй тапсырмасын орындауы, СӨЖ, аралық бақылау) және студенттер үлгерімін ағымдық бақылаудың қорытындысы академиялық кезең бойына жинаған бағаларының орта балымен есептеледі.
- **Аралық бақылау** – бұл бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезеңде кемінде екі рет СӨЖ уақытында (теориялық оқытудың 7 және 15 аптасы) жүргізіледі. Аралық бақылау қорытындысы бойынша орта балл шығарылып, ол жіберу рейтингісін есептеу барысында ескеріледі.
- **Қорытынды бақылау** – пәнді оқып бітіргеннен соң тест түрінде (КБТО) эмтихан тапсырады.

### Құралдар мен жабдықтар

- **Құралдар:** компьютермен және техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етілген дәріс және оқу аудиториялар (дәрісханалар).



- **Жабдықтар:** оқу-әдістемелік әдебиеттер, слайдтар, альбомдар, кестелер, плакаттар, медициналық аспаптар және құралдар, фармацевтикалық тауарлар.

### Ұсынылатын әдебиет

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Шертаева К.Д., Жанбырбаева А.Д. «Медициналық және Фармацевтикалық тауартану» Шымкент, 2011;
2. Васнецова О.А. Медицинское и фармацевтическое товароведение - Практикум М.: Изд. Группа «ГЭОТАР - медиа» 2005-704 с.
3. Кабатов Ю.Ф., Крендаль П.Е. Медицинское товароведение. – М.: Медицина, 1984, 383 с.
4. Умаров С.З. и др. Медицинское и фармацевтическое товароведение: Учебник/ - М.: ГЭОТАР – Мед. 2004-368 с.
5. Крендаль П.Е. и др. Практикум по медицинскому товароведению. – М.: Медицина, 1964 – 197 с.

#### Қосымша әдебиеттер:

- 1) Стрелков В.Н. Методологические и методические проблемы фармацевтического товароведения. // Фармация. – 1990.
- 2) Тюнтеков О.Л., Филиппин Н.А., Яковлева Ж.И. Тара и упаковка готовых лекарственных средств. – М.: Медицина. – 1990.
- 3) Крылова Г.Д. «Основы стандартизации, сертификации, метрологии» учебник для вузов – М. Юнити-Дана. 1999. –177 с;
- 4) Николаева М.А. «Товарная экспертиза». М: Деловая литература. -1998. – 281 с;
- 5) Сборник законодательных и нормативно-правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан. Под.ред. Махатова Б.К. – Шымкент. -2005. –246 с.
- 6) Дремова Н.Б. «Медицинское и фармацевтическое товароведение» - 2008